

84Каз4-5  
Х18 ЦРБ

Қобылан Хамзаұлы



# Қияда самғаған қырандар

8419а375  
Х18 - ЧРБ

## ҚОБЫЛАН ҲАМЗАҰЛЫ

ҚИЯДА  
САМҒАҒАН  
ҚЫРАНДАР

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз.7-5

Х-18

Х-18 Хамзин Қ. Қияда самғаған қырандар. –  
Петропавл, - 68 б.

ISBN 978-601-7230-04-3

Жазушы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Қобылан қажы Хамзаұлының баспадан шыққан бірнеше кітаптары қолымызда бар. Ұйыған көнілмен оқып, мән-мағыналарын ойға тоқып, ерекше риза болып жүреміз.

Жазушының ақындық туындыларымен де жақсы таныссыз. Өлең кітаптары нағыз ақындық шеберліктің туындылары деп қабылдаймыз. Өлеңдері алуан түрлі өмір тақырыптарына арналған. Әсіресе елге, жерге, елдің азаматтарына арналып жазылған шығармалары оқырманға ой тудыратын, әсерлі екенін атағанымыз орынды.


Қолымыздагы «Қияда самғаған қырандар» атты еңбегі осы ойымыздың айғағындаған терең мағыналы шығарма. Кітапта еліміздің біртуар азаматтарына арналған толғаулар топталған екен. Әрқайсының әрлі суретіндей, бейнесін, жан дүниесін жарқыратады ашып тұрған туындылар. Кітап сонысымен құнды, үлгілі, өнегелі еңбек.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз.7-5

ISBN 978-601-7230-04-3

— 49131



© Хамзаұлы Қ., 2010



## ТІЛЕГІМ – ЕЛІМІЗДІҢ АМАНДЫҒЫ

Тұған жерім, Отаным – Қазақстан.  
Іңгелап ауа жұтып, жерін құшқан.  
Есейіп, азамат боп, тәлім алған,  
Тұғырым биіктерге самғап үшқан.

Кең байтақ сұлу, сәнді жер жаннаты,  
Көз тоймас табиғаты салтанатты.  
Топырағы жанға қорек, ырыс иген,  
Ұрпағы осы жерде бақыт тапты.

Жақсыға көз аларту ежелден бар,  
Көршілер аз болмады пейілі тар.  
Байтақ жерді сырт жаудан қорғап қалған  
Бабаларға жаратқан болған ғой жар.

Ұрпақтар ата салтын сақтап өскен,  
Ешқашан жер тағдыры шықпай естен.  
Егеменді ел болып құрылғанда,  
Шекара шешімі еді көкей кескен.

Ел ағасы – ерлердің ақылымен,  
Шешілді жер тағдыры ауқымы кең.  
Асты-ұсті қазына байтақ жердің,  
Иесі соңғы ұрпақ халық сенген.

Жеткенде көп аңсаған арман қүнге.  
Ел басқару, шаруа жүйесі өзге.  
Қыыннан қысын табар дана басшы,  
Ұлтын сүйген ұлы адам болды елде.

Кешегі ССРО заманында,  
Шындалған от жалынды қазанында.  
Нұрсұлтан Әбішұлы басшы болып,  
Бастады ел тағдырын осы таңға.

Егеменді елдіктің жолын ашқан,  
Басқару, іс атқару жөнін тапқан.  
Білімді, білікті, ойлы ақылымен,  
Тұған елін жетелеп өрге басқан.

Танытқан қазақ елін бар өлемге,  
Сыйлатқан бас игізіп елге, жерге.  
Жаратқан ісіне сәт берсін дейміз,  
Нұрсұлтан Әбішұлы – кеменгерге.

Арнайы келсе елге қуанамыз,  
Сәлемдесіп, ақ тілеп жұбанамыз.  
Ел алдында айтылған әр сөзінен,  
Халыққа қамқорлығын ұға аламыз.

Қадамы еліміздің өрге басқан,  
Бәрі сіздің ойыңыз іске асқан.  
Көп жасап, ел бағына амандықта,  
Түспеніз халық сеніп берген тақтан.

Өлкеміздің ниеті сізге мәлім  
Сізді сыйлап, қолдайды барша қауым.  
Сіздің ой-мақсатыңыз іске асуға  
Әр адамы өлкенің салады жанын.

Ақ тілегім - елімнің амандығы.  
Халқымның өз ісіне адалдығы.  
Бар өмірім арналды заңдылыққа,  
Қалауым басшылардың тазалығы.

Ел аман, халық тату болса екен,  
Жүректерге нұрлы иман орнап бекем.  
2030 жоспардың іске асқанын,  
Таңырқап қария көзбен көрсем екен.

16 желтоқсан 2009 жыл



***Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі  
Біләлов  
Серік Сұлтанғазыұлына***

**ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛАУЛЫСЫ**

Арқаның қойыны ырыс, жері жаннат,  
Қай ақын жыр жазбады саған арнап.  
Абылай хан ақ ордасын таңдал салған,  
Жер үйінен төрінен қоныс таңдал.

Көркіне көз тоймайтын жер сұлуы,  
Үрғалған орман-тоғай, қалың нуы.  
Суы бал, мал мен жанның жан саясы,  
Егістік байлығы мол, елі нұрлы.

Арқаның сымбатына лайық ері,  
Өрбіген талай ойшыл кеменгері.  
Майталман ақын, әнші, білгір маман,  
Қай кезде Сарыарқада кем боп еді.

Дүниеде теңдесі жоқ хакім Абай,  
Жан тумас асау дарын Мағжандай.

Ұбырай, Ақан сері, Сәбит, Габит,  
Өнерлі Ермек, Ерік, Сәкен салдай.

Атақты ерлер туған дархан мекен,  
Жұмабай Шаяхметов, көсем Сәкен.  
Бәйкенов Әшім, Мақтай Сағдиевтар,  
Халқының қамын ойлап ғұмыр кешкен.

Аз емес дарынды ерлер ғалым, басшы,  
Солармен өлке өрлеп өрге басты.  
Тек қана мазалайтын бір ой болды,  
Қойылмай өлкемізге тума басшы.

Советтік бағынышта басқа ұлтқа,  
Болмады сенім, құрмет біздің жұртқа.  
Билеген қазақ жерін келімсектер,  
Сөз айтқызбай құм құйды барлық ұртқа.

Тұз сеүіп қазақтар өз жарасына,  
Көкешілдік өрбіді арасында.  
Биографиясы мұлтіксіз азаматтың,  
Жағрафиясы жат болды төр басына.

Сол ғадет, ескішілік әлі де бар,  
Болмаса, өнерлі ерлер әр елде бар.  
Не жетсін жаны ашитын туған ұлға,  
Тұмаған тұрақтамай елін табар.

Келгендер ел болмайды басы байлы,  
Ойында жоспары тек өзі жайлы.  
Сұраусыз жеңіл пайда көзін іздең,  
Соңғы елге жаны онша ашымайды.

Көрдік қой, атақ үшін келгендерді,  
Бар ойы байлық, мансап іздегені.  
Атақ алып, табысты матап-буып,  
Артын қысып, жылдысу білгендері.

Тілеуші едік болса деп басшы іштен,  
Солтүстік тәлімінде өсіп піскен.  
Туған ұл, туған елін құрметтейді,  
Елі үшін барлық ойы болып үстем.

Естігенде әкімнің өзгерерін,  
Елеңdedік біле алмай кім келерін.  
Аталғанда Біләлов Серік аты,  
Ұқты халық, тілектің шын келерін.

Көрмеген талай жылдар мұндай шешім,  
Қуаныш бар халықтың алды есін.  
Басшысы туған жердің елден болып,  
Біләлов қолдау тапқан таңдаулы есім.

Әкімге таңдалады кісі лайық,  
Қателеспес шешімге керек байып.

Мың алғысы халықтың Елбасына,  
Жасай берсін, Нұрсұлтан Назарбаев!

Осындай болғаны жөн әділ шешім,  
Біләлов Серік елге белгілі есім.  
Іскерлік, біліктігі жетіп жатыр,  
Халық сеніп қолдайды әрбір ісін.

Азғана уақыт ішінде ел басқарған,  
Көрініп тұр көлемді ісі атқарған.  
Қай саланы қарасаң табысты еңбек,  
Бәрі сіздің ойыңыз өріс алған.

Кең жайылды көлемі өндірістің,  
Саны мен сапасы артық құрылыштың.  
Өзгеріп өңі кірген ел мен қала,  
Табысы сіз атқарған иғі істің.

Өркендеген кең дала жұмысының,  
Берері мол жер ана ырысының.  
Арттыру табыстарын еңбекші елдің,  
Мақсаты жаңашырлық көп ісінің.

Тер төккен қызметі мол елге, жерге,  
Атқарған ақ ниетпен бүкіл елге.  
Қамқоршы кәрілерге туысқандай,  
Жастардың қолдаушысы бастар өрге.

Ақ көңіл, адал ниет барлық ұлтқа,  
Қорғаныш тілге, дінге, салт-ғұрыпқа.  
Халқының амандығы ойлағаны,  
Бәріне ақылменен болған тұтқа.

Сәнді бейне, сыпайы, жүзі жарқын,  
Құрметтеп бағалайды сізді халқын.  
Орнықты сөз, жоспарлы бастама мол,  
Халық сеніп, қутеді істің артын.

Халық сізді түсініп, ұға алады,  
Сіз бастаған ойларды құп алады.  
Әрбір айтқан сөзіңіз іске асқанда,  
Жетістікке ел болып қуанады.

Арналған ақ тілектер болсын құтты,  
Ең асылы денсаулық керек мықты.  
Алға қойған міндеттер орындалып,  
Өлкенің жетістігі болсын жұпты.

Таза жүрек, сенімді көмекшілер,  
Көп болсын жаңыңызда достар сенер.  
Сақтасын алауыздық, жікшілдіктен,  
Қазақтың ауруы бұл бір сыр берер.

Қызметте көп болсын тек жеңіс, атақ,  
Шайқалмасын Алладан берілген бақ.  
Халқыңың ақ тілегі қабыл болып,  
Ұзақ болсын атқарап әкімдік тақ.

Отбасына тілеймін амандықты,  
Жаратқан жуытпасын жамандықты.  
Алла берген бақыт пен ырыс, атақ,  
Абылайдың атағындаи болсын мықты.

*Шілде, 2009 жыл*



**Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі  
Біләлов  
Серік Сұлтанғазыұлына**

Өлкеміздің ауыл шаруашылық басшылары мен диқандарының Сіздің тікелей басшылығының ізбен 2009 жылы атқарылған ерен еңбектің нәтижесінде алынған 6100 миллион тонна астықтың қуанышына құттықтау-тілек

**ТАСҚЫНДАСЫН ТАБЫСЫ  
ӨЛКЕМІЗДІҢ**

Дархан дала, кең байтақ әсем өлке,  
Құнарлы жер, орман, су – құт береке.  
Өнерлі ұл-қыздары еңбекқұмар,  
Ел дәuletін шалқытқан үйме-төкпе.

Өркенdedі өндіріс неше түрлі,  
Құрылыш өрбіп, сәулеті өзгерілді.  
Жаңаған өлкеміздің арқасында,  
Халықтың әл-ауқаты көтерілді.

«Дағдырыс» - деген сөзді естігенмен,  
Ықпалын көре алмадық бізге келген,  
Халықтың бәрі дерлік еңбек етіп,  
Тойын тойлап, «Джип» мініп серуендеген.

Мақтанышы байлығы еліміздің  
Берері мол ырысты жеріміздің.  
Тасыған тау-тау астық, өрісте мал,  
Еңбекпен, термен келген табыс біздің.

Биылғы жыл ырысы ерен болды,  
Мол астықта шаттанып көңіл толды.  
6100 миллион тонна астық алып,  
Сыйғызар орын таптай онды-солды.

Ерен табыс келмейді текten текке,  
Тұп тегі тер төгілген мол еңбекте.  
Тынымсыз ынталы ісі басшылардың,  
Диқанның білегі мен білімдікте.

Бұл ғажайып табысы өлкеміздің,  
Ерен еңбек сыйлығы алтын күздің.  
Құйылған Қазақстан қоймасына,  
Ең бағалы тартуы еліміздің.

Басшысы өлкеміздің, Сіздің еңбек,  
Сыяды мақтауларға елден ерек.  
Күн-түн демей атқарған қызметіңіз,  
Орынды өз бағасын алу керек.

Аз уақытта өлкені сіз басқарған,  
Әр салада табыс мол бағаланған.  
Ойыңызда қашанда елдің қамы,  
Ел алғысын сол үшін сізге арнаған.

Қуанамыз табысқа Сізбен бірге,  
Бұл жетістік ірі атақ әкелді елге.  
Тасқын табыс көтерді елдің бағын,  
Кең байтақ Республика көлемінде.

Баянды болсын елге мұндай табыс,  
Жетістіктер арасы болмай алыс.  
Диқан мен басшыларға өлкеміздің  
Ел атынан жеткізем үлкен алғыс!

16 қазан 2009 жыл











Қызылжарда Қан орталығын ашу рәсімі



Е. А. Бекетовтың мүсінін ашу рәсімі

## **НАУРЫЗҒА ҚҰРМЕТ**

Наурыз сағындырған жылдың басы.  
Құрметпен қарсы алатын әр отбасы,  
Жаңа жылға сеніммен ақ тілегін,  
Арнайды еліміздің көрі-жасы.

„  
Қош келдің, төрге өрле жаңа жылым.  
Сырым бар, қуанышым, айтар мұңым.  
Құшақ жайып бар халық қабылдайды,  
Дайындал наурыз көже, бал қымызын.

Балқыдық шуагыңа нұрын төккен.  
Ұмыттық қыындықты кешегі өткен.  
Кешірдік күмәнді ойды арадағы,  
Табысып туыстардай бірге өскен.

Тіршілік, тағдыр бірге әуел бастан.  
Ортақ үй, отбасымыз Қазақстан  
Ұнтымақ, бірлігіміз берік болып,  
Сақталсын бейбіт өмір, ашық аспан!

Оқыдық Елбасының арнау сөзін.  
Айқындаپ ашып тұрған сенім көзін.  
Қыындыққа жуаси қалған елдің  
Ойына тудыратын жарқын сезім.

Аллаһ қолдап тілектер болсын құтты.  
Ұлттымыздың қашанда рухы мықты.  
Елбасында Нұрекен тұрғанында,  
Біздің халық жеңеді қыындықты.

Наурыз, 2009



## **АДАМ ЕДІ, АРЫ ҮШІН ЖАНЫН БЕРЕР**

*(Халық ақыны Ахметжан Нұртазин  
атамыздың туғанына 100 жыл (2008 ж.)  
толуына арналған толғау)*

Жаңында жігіт болды оттай жанған.  
Өнерлер дарып келген ата-анадан.  
Құмартып әсем өнге, үшқыр сөзге,  
Жақсымен жақын жүріп өнеге алған.

Есейгенде жігіттің сұлтаны еді.  
Серілік салт-дәстүрін ұққан еді.  
Жиын-тойдың ұйтқысы, сәні болып,  
Өнерімен атағы шыққан еді.

Таңдаған жаны сүйіп еңбек жолын.  
Бекінген молайтуға ағаш қорын.  
Ауытқымай адами ақ жолынан,  
Шығуға шың басына созды қолын.

Ұқласы құлай сүйіп табиғатты.  
Мал емес, дүние де емес, орман бақты.  
Ауасын азық етіп «Бас ағаштың!,  
Көк майса, гүл-шебінен дәру тапты.

Аң-құсқа қорған болды, өз малындей.  
Есебін атаушы еді еш жаңылмай.  
Өсірген өз қолымен ағаштарын,  
Сүйетін жан-тәнімен үй жанындей.

Аң құмар болды сәнді тәртібімен.  
Саятшы сал-серілік дәстүрімен.  
Қан сонар, қасқыр қуған қуаныштың,  
Белісті әр сапарын достарымен.

Құрметтеді Алланың берген бағын,  
Аялап өлкеміздің орман-бағын.  
Ормандарын, шыршасын әнге қосып,  
Құйылды жүрегінен жырдан ағын.

Сөзге жүйрік, сүрінбес ақын еді.  
Мөлдір бұлақ, сарқылмас ағын еді.  
Әр сөзінің қадірі асыл тастай,  
Жүрекке жылу шашқан лағыл еді.

Дария ақыл, данышпан, ер данасы.  
Торыққанға қамқоршы, ел панаы.  
Үлкенге ой, кішіге жөн сілтеген,  
Қазақи салт-дәстүрдің ғұламасы.

Дос таңдады, сыйласып соңына ерер.  
Салмақты сөз, ұшқыр ой нәрін берер.  
Жаны сүйген жақсыдан алыстамай,  
Адам болды, ары үшін жанын берер.

Тұғанын «тұғырым»-деп қадірлелітін.  
Көрмесе сағынышпен өзі іздейтін.  
Қуанышын құрметтеп қамқор болып,  
Қасіретіне қамығып көз ілмейтін.

Ақын еді ел сыйлап ардақтаған.  
Ақана арнап әр үйде төр сақталған.  
Айтылған әрбір сөзі жүрек тербелеп,  
Санасында халқының орнап қалған.

Ахаңсыз айтыс сәні келіп пе еді,  
Ағаға жас дарындар елікtedі.  
Ақындық өнеріне бас иіліп,  
Халықтың тән ақыны болып келді.

Ақынның қалды артында мол мұрасы.  
Өлеңі, шежіресі, поэмасы.  
Әр кітабы өзіне-өзі қойған  
Өлмейтін, жойылмайтын, құлпытасы.

Халқының ардақтысы, асыл адам.  
Үлгісі өмірімнің өнеге алған.  
Ұмытылмай санамда сақталатын,  
Ақын, сері, данышпан, тарлан бабам.

Наурыз, 2008 ж.

## **АҒАМЫЗДЫ МАҚТАЙМЫЗ, МАҚТАНАМЫЗ**

(*Мақтай Сағдиев ағамыздың  
80 жасқа толуына*)

Қасиетті Солтүстіктің жері, елі.  
Әлемге аты мәлім, зор беделі.  
Көрген жан табиғатын таңырқаған,  
Көз тойдырған орманы, Есіл көлі.

Жеріне көрік берген іргелі елі.  
Көтерген дәрежесін ел ерлері.  
Елдің атын танытқан ерен тұлға,  
Мақандай мақтан тұтар кеменгери.

Елдің аты шығады ерлерімен.  
Алла сыйлап бақытты елге берген.  
Атақты хан Абылай, ақын Мағжан,  
Хакім Абай, ел басы Сәкен келген.

Солардың ізбасары Мақтай аға.  
Тектінің ұрпағысыз жетпес баға.  
Бабаңыз Зілғара мен Шопандардай,  
Басшы болған Атығай, Қарауылға.

Мақанды құрметтейміз, мақтанамыз.  
Мемлекет қайраткері ұлы ағамыз.  
Алатаудай бейнесін асқақтатып,  
Пір тұтамыз, ақ тілек ақтарамыз.

Бола алған биік тақта елге қорған.  
Таймаған тұғырынан сайып қыран.  
Жиырма жылдай абызданай ақылшы бол,  
Үлкенге де, жасқа да үлгі болған.

Осылай бойың шымыр, ойың сергек,  
Алыстан-ақ болыңыз елге тірек.  
Жанұя, туыс, жолдас ортасында,  
Орындалсын ойдағы арман, тілек.

2009ж. 20 маусым



## **АДАМИ ҚҰНЫ ҚЫМБАТ ӘМІР БЕРСІН**

*(Құдайберген Қалиұлының  
63 жасқа толуына)*

Құдайберген құрметті інім менің,  
Туысың алға ұстар дүйім елдің.  
Өлкенің өнегелі басшысы бол,  
Қызмет еттің халқыңа, сінді еңбегің.

Агрономнан басталып еңбек жолың,  
Ел басқардың, халқыңа көсем болдың.  
Алла қолдап, қадамың өрге басып,  
Өлкемізге нұр шашты сенің қолың.

Қайда жүрсөң қолдады халқың сеніп,  
Ақ ниетті тілекпен бата беріп.  
«Ақ тілектер аясында» ғұмыр кештің,  
Аға-іні, жолдастардан сыйлық көріп.

Кітаптар бар өмірдің жариясындей.  
Әткерген шежіре тірлік дариясындей.  
Бастан кешкен ғұмырдың мектептері,  
Ұрпаққа үлгі-тәлім мұрасындей.

Тойлар көп қуанатын, шаттанатын.  
Қол жеткен табыстар бар мақтанатын.  
Жетістік тіршіліктің жемістері,  
Соның бәрі саулықтан басталатын.

Фәни дүние байлығы денсаулықта.  
Талапты жан жетеді атақ, баққа.  
Алла берген өнердің арқасында,  
Әброймен келесің биік тақта

Құтты болсын 63, келген жасың!  
Пайғамбардың жасы ғой атағы асыл.  
Шуақ өмір осыдан басталады,  
Зейнеткерлік демалыс жаңа ғасыр.

Енді міне, атақты ардагерсің.  
Исламның парыздары ойға келсін.  
90-да шалқақ жүрген шалдар аз ба?  
Жаңажол, Ғаббас атаң жасын берсін.

Атақтар бар мәнімен марқаятын.  
Шат көңілдің жөні жоқ қартаятын.  
Алда әлі алынар белестер бар,  
Тек төріне шыққанда шалқаятын.

Жайнай берсін жанұя шамшырағы.  
Шайқалмасын Алланың берген бағы.  
Сәулеңменен өмірлік бірге жасап,  
Көңілді өтсін тірліктің әрбір таңы.

Балалар қанат-қүйрық тірегіндей,  
Дулан мен Даниялың жүргегіндей,  
Қыздар мен жиендерің өрістерің.  
Көбейсін өмір көші ілегіндей!

Бір Алла тілектерді қабыл етсін,  
Қыындық, қасіреттер аулақ кетсін!  
Отбасы, туыс, жолдас ортасында,  
Адами құны өшпес өмір өтсін!

2008 ж. 24 қазан



## **СЕНИМІҢ БОЛАШАҚҚА БЕРІК БОЛСЫН**

(Өттеев Сайлау інімнің  
70 жасына құттықтау сөз)

Ұзақ өмір арманы әр пенденің.  
Бір Аллаһ үміт етіп, бар сенгенің.  
Қанша адам өмірі қысқа болып,  
Көріп жүрсіз арманда өткендерін.

Сондықтан қадірі мол әрбір жастың.  
Шынына өрлегендей биік тастың.  
Белгісіз болса-дағы болашағың,  
Үміті үлкен ынталы ықыластың.

Ертеде зейнеткерді шал деуші едік.  
Қазір оған көнбейді қасын керіп  
Пайғамбардың жасынан асқандарға,  
«Жігітсің» - деп кім айтар көнілі сеніп.

Жетпісте де шал емес қазіргі ер.  
Сақал-мұрт жоқ бәрі де – «ардагерлер»  
Бұл өмірдің тамаша жетістігі,  
Аллаһ жазса шаршамай жасай берер.

80-ді асқан ағалар алдымызды.  
Өкше басқан інілер жанымызды.  
Бүгінгі қуаныштың орны бөлек.  
70-ке келді Сайлау бағымызға.

70 жас құтты болсын Сайлау інім,  
Жетістікті, жемісті күнің бүгін.  
Құрмалдық ниеттерің Аллаң қолдап,  
Қабыл етсін халықтың тілек үнін.

70 аса құрметті ата жасы.  
Аталы сөз данасы, төр ағасы.  
Уақыт жетті иманға бет бұратын,  
Кеш емес құлатуға ехласты.

Мағналы, мәнді өтті жетпіс жасың.  
Қызмет те, құрмет те болды басым.  
Ұл-қыздарды өрбітіп, қызық көрдің,  
Немере мен шөбере той жалғасын.

Алда көп көрер қызық, думан тойлар,  
Келінмен бірге жасап, бірге атқарар,  
Шаршайтын 70 жаста сен емессің,  
Бойда қуат сақталсын 100-ді тойлар.

Сенімің болашаққа берік болсын.  
Құләшың өміріңе серік болсын.  
Өтеевтер әулеті өрбіп өсіп,  
Ордалы ел, өркені биік болсын.

Қараша, 2009 жыл

## **СЫЙЛЫГЫМ – КИТАПТАРЫМ**

*(Облыстық соттың бастығы  
Тұрғараев Бекет ініме)*

Ұлтының салт-дәстүрін сараптайтын,  
Тарихи тұлғаларды бағалайтын,  
Салмақты іс, байыпты ойы ерек,  
Өр тұлға азаматсыз сөз арнайтын.

Сізді өзім бағалаймын елден ерек.  
Сіздей ұлға ағадан құрмет керек.  
Сыртыңыздан жылды сөз арнап жүрек,  
Қажы ағаның берері бата – тілек.

Шайқалмасын Алланың берген бағы!  
Құт әкелсін әр күннің атар таңы!  
Жанұяның шаттығы берік болып,  
Жарық болсын өмірдің шамшырағы!

Кітаптар сыйым болсын қолдан берген.  
Өмірден түйіндер ғой, көпті көрген.  
Дінге ұйып қажылық сапар шектім,  
Жазушылық ісім бар көңіл бөлген.

*Мамыр, 2008 ж.*

## АҒАДАН АЛҒЫС

(Құрметті інім  
Жомарт Қажырахимұлына арнау)

Елдің туын көтерген бабалардың,  
Еңбектерін бағалап сарападым.  
Ақын, сері, саятшы Нұртазинды,  
Солардың шоқтығы – деп бағаладым.

Естелік атқарылды Ақаңа арнап.  
Өнер сүйер ұрпаққа сөзін жалғап.  
Ұлыларын ұмытпау ел борышы.  
Ақынның мол мұрасын жүрсін талдап.

Машақаты еңбекті жария ету.  
Мақсатың ғой халқыңа сөзің жету.  
Қысқа жібің күрмеуге келмеген соң.  
Лажсыздан қаржы іздеу күнін кешу.

Сыртыңнан мақтан тұтып жүрген інім,  
Қамқорлық іс атқардың міне бүгін.  
Сен атқарған жомарттық қызметіңмен,  
Жария еттік ақынның естелігін.

Аруақ сыйлап, құрметпен ағаңа да,  
Іс атқардың сөз жетпес бағаларға.  
Жомарт інім, қашанда тілекшіңмін,  
Сенімінді жүктей бер қажы ағаңа.

22 мамыр 2008 ж.

## **ҚҰТТЫҚТАЙМЫҢ ҚҰРМЕТТИ ЖАСЫҢМЕНЕН**

*(Облыстық ДВД мекемесінің бастығы  
Түсілбеков Дауыл Төлеутайұлының  
50 жасқа толуына)*

Ішкі істер мекемесі қара ордамыз  
Оғыз жыл қызмет жасап етті парыз  
Дәреже, атақ, құрмет марапаттар,  
Ұрпаққа үлгі болар бізден қарыз.

Ішкі істер халық сенген қорғаушысы.  
Мемлекет зандағылығын қорғау күші  
Ардагерлер дәстүрін жалғастырған  
Сәтті болсын бүгінгі ұрпақ іci.

Зейнеткерлер ұрпақтың тілекшісі.  
Қуанады ілгері басса іci.  
Ұлтын сүйген, адал ұл керек-ау деп,  
Қара ордаға тілеуші ек жақсы кісі.

Көпшіліктің ниеті қабыл болды.  
Аяулы ұл – Дауыл келіп, орда толды.  
Тұыстай сәлемдесіп інімізбен,  
Толқып жүрген жүрекке сенім қонды.

Құтты болсын жолдаумен келген жерің!  
Бұл да өзіңің Сарыарқаң, туған елің,  
Ақ тілектер арнаймын ел атынан,  
Құшақ жайып, қарсы алып, артқан сенім.

Қош келдің Солтүстікке сыйлы бауыр.  
Бұл жерде тіл табысу болмайды ауыр.  
Ақ пейіл, ала ауыздық мінезі жоқ,  
Халықтың зандалықта құлқы тәуір.

Аз ғана уақыт өтсе де біліскелі.  
Сәлем дұрыс, сыйластық бөліскелі.  
Жақсыға ехласым суымайды,  
Тілеймін биік арман, жеңістерді.

Құттықтаймын құрметті жасыңменен!  
Көніл шат, бойың сергек, ойың терең.  
50 – ердің жасы - деп анық айтқан,  
25-тің екеуін жетелеген.

Ақ пейілден арнаймын бата-тілек.  
Алла қолдап, сыр бермей соқсын жүрек.  
Ойға алған мақсаттар орындалып,  
Армандарға бір Алла болсын тірек.

Есен-сау амандықта туыс-туған.  
Жанұяңа Алла болсын қорған.  
Жақсы жолдас, жанашыр туысқандар,  
Алыстамай жанында құрсын қоғам.

Жаңа қызмет, жаңа орын құтты болсын!  
Атақты бабалардың құты қонсын.  
Қызылжарда генерал атағын ал,  
Есте қалар ұлы іспен көнілің толсын!

1 мамыр, 2009 ж.



## ҚҰТТЫ БОЛСЫН ҚҰРМЕТТИ 70 ЖАСЫҢ

(Қадірлі Шапай құданың мерейтойына)

Қазақта дәстүрлер көп бас иетін.  
Құрметтеп қасиетін шын сүйетін.  
Құдамен туғаныңдай сыйлас деген,  
Сақтау керек бабалар өсietіn.

Бұл дәстүрді әрқашан құрметтейміз.  
Пайғамбардың сөзіндей кірлетпейміз.  
Ерекше қадірлейтін Шапай құда,  
Тән құданың жоқтығын іздепейміз.

Рәш еді құдан да, құдагиың.  
Ер жігіттей атқарған көпке сыйын.  
Өмірі қысқа болып ерте өтті.  
Көре алмай Жаратқанның берер сыйын.

Естен кетпес мұңым бұл Шапай құда.  
Еске алудың жөні бар қапа болма.  
Бар болса ортамыздың көркі еді-ғой,  
Тойымызды толтырар думан-жырға.

Мың раҳмет сыйластық көңіліңе.  
Шақырған құрметпен той төріне.  
Құдан болам, айрылмас ағаң болам.  
Сыйғызам баршаңызды жүрегіме.

70 деген жақсы жас аталатын.  
Үлкен белес жүректе сақталатын.  
Бала өсіріп, тілекті отау құрдың,  
Немере үрпағың бар мақтанатын.

Құтты болсын данадай дархан жасың.  
Ден сау болып жігерің мұқалмасын.  
Аллаға тілек артып ғарыштай бер,  
Алға қойып 80 жас нысанасын.

Өткен өмір құрделі, мәнді болды.  
Басшы болдың маңайың досқа толды.  
Талабыңың табысы бағаланып,  
Бақытың мен мерейің сәнді болды.

Құтты болсын атқарған тойлы асың.  
Алла қолдап тілектер орындалсын.  
Тұыстар мен достарың алыштамай,  
Көргеннен көрер қызық болсын басым.

Сүйкімді қасиеті мол құдағидың.  
Ұрысы, жан шуағы тілеулі үйдің.  
Қосағыңмен мағыналы ғұмыр кешіп,  
Қайырлы етсін бір Алла берген сыйын.

Бақытты аман болсын балаларың.  
Өміріңнің жалғасы, паналарың.  
Немерелер көбейсін «аташкалап»  
Ғасырларға жалғассын болашағың.

Әкелдік ақ тілекті сіздерге арнап.  
Ойымыз орындалсын құдай қолдап.  
Ұзақ жасап мақсатқа жетіңіздер.  
Табысты думандатып бірге тойлап.

20 қаңтар 2009 ж.



## ТОЙЛАРЫҢ ТОЙҒА ҰЛАССЫН

(Мұрат Қошанұлы – құдамыздың  
60 жасқа толуына)

Сыйлас құда құрметті жақын туыс.  
Ынтымақ пен бірліктен туады ырыс.  
Жақын жүріп дәм-тұзы араласқан,  
Құдалардың арасы жорға жүріс.

Бабалар жаңылмаған жақындықтан.  
Мың жылдық ата дәстүр жалғастықтан.  
Ережеп – Жәкен ата құдалығы,  
Мираб болып соңғы үрпақ бізге жұққан.

Ерте есейіп табыстым құдалармен  
Құдалардың ендігі үлкені мен.  
Ортақ өріс, дәнекер арамызда,  
Рахила, Рәш, Құлаш үрпағымен.

Ең жақыны құданың көңілім сенген,  
Өрбіген үлкен үрпақ Қошекеңнен.  
Аманжол, Ерсайын мен Мұрат, Ерден,  
Ерболат пен қыздар бар Алла берген.

Бұл әulet қымбат маған туысқандай.  
Сыйласамыз әрқашан сұystанбай.  
Қуаныш, қындықта бірге болып,  
Мың жылдық құдалықтың сәнін бұзбай.

Аманжол бірге өскен замандастым.  
Тойлады 75-ке келген жасын.  
Міне, бұгін қуаныш бәрімізге,  
Мұраттыңым 60-қа шын.

Мұратта Алла берген бағы да бар.  
Іскерлікпен атқарған тағы да бар.  
Жан жары Ұмсыңдықпен бірге жасап,  
Қуанышын көретін үрпағы бар.

Енді саған бар тілек Мұрат баурым,  
Көрсетпесін бұл тағдыр еш ауырын.  
Денсаулығың шайқалмай ұзақ жасап,  
Шетінемей сау болсын бар бауырың.

Қуанышың көп болсын көретүғын.  
Ақ тілекті бір Алла беретүғын.  
Той үстінде немере келіп жатыр,  
Ата-апалап артыңнан еретүғын.

Бұл Алланың сыйлығы тойға берген.  
Көбейсін немерелер жүптап келген.  
Қуаныштар әрқашан егіз болып,  
Тілден, көзден сақтасын, желмен келген.

Тойларың тойға ұлассын Алла беріп,  
Айтылған ел тілегі бәрі келіп.  
Ұмсыңдықпен иләһи бірге жасап,  
Шаттаныңдар шөбере тойын көріп.

Әuletіңе тілейміз амандықты.  
Бір Алла жолатпасын жамандықты.  
«Көп тілегі – көл» - деген жақсы сез бар.  
Бүгінгі ел тілегі болсын құтты.

Қараша, 2009 ж.



## ІНІМЕ ХАТ

(Жамбыл облысының ІІД бастығы генерал  
Жаманбаев Мейірханға)

Қадірлі, сыйлы інім Мейірханым,  
Көбінен бағаң қымбат жүрген жанның.  
Кісілік өнеріңе көңілім толып,  
Жүрегімнен өмірлік орын алдың.

Айтып жүрем атыңды жүрген жерде.  
Атқарған іс, сөздерің жайылды елге.  
Артында із қалмайтын шенділерді,  
Тенемеймін өзіңің көлеңкеңе.

Өкінішті аз болдың біздің елде.  
Аз уақытта таныттың өзіңді елге.  
Үлкен сыйлап, жақсымен жақын жүрген,  
Әрбір ісің сақтаулы жүрегімде.

Таймасын деп, тілеймін қонған бағың.  
Қуанышпен атсын деп әрбір таңың.  
Еліміздің тілегі қабыл болып,  
Көтерілді биікке шен атағың.

Денсаулығың сыр бермей мықты болсын.  
Алға қойған мақсаттар құтты болсын.  
Ұрпағың мен әuletің амандықта,  
Алладан тілектерің сәтті болсын.

Тамыз, 2008 ж.

## ЖАРҚЫН ӨМІР ИЕСІ

(Мінайдар Жақыпов ағамыздың  
85 жасқа толуына)

Қариялар бар елде қазына бар.  
Еркелік бар, үлкенге базына бар.  
Әзің әке болсан да жасың жеткен,  
Аға бары ғанибет сөзін тыңдар.

Тұла бойы өнеге, көпті көрген.  
Еліктеп үлгі аласың тектілерден.  
Айтқан сөзі өмірдің естелігі,  
Аума-төкпе тірлікте тағдыр берген.

Мәкендер тұнған өмір берекесі.  
Ешкімнен кем болмаған дәрежесі.  
Талай қызмет жүйесін басқарумен,  
Аз емес көтерілген бел-белесі.

Отан қорғау соғысын бастан кешкен,  
Қасіретті отты жылдар шықпай естен  
18-де алынып ел қорғауға,  
Тас жастанып, қақ сүйн жолай ішкен.

Соғыс бітіп ел есін жинағанда,  
Қайта құру жоспары қинағанда,  
Күйрекен жойылғанды қайта түзеу,  
Ішкі тәртіп, занғылық тұрды алда.

Ол кезде партия еді елге басшы.  
Әр салада мамандар болды тапшы.  
Партияның жүктеген жұмысына,  
Мәкендер жас кезінен араласты.

Біраз жыл ішкі тәртіп жүйесінде,  
Зандылық, қоғам қорғау күресінде,  
Ағамыз нәтижелі еңбек етті,  
Із қалдырып КГБ үлесіне.

Партияның солдаты болған адам,  
Қандай қызмет жүктелсе соны атқарған,  
Шаруашылық саласын тапсырғанда,  
Игеріп, сол жүйеде маман болған.

Кеңшарларды басқарды бабын тауып.  
Дала ісіне бірыңғай көнілі ауып.  
Табысты, жігерлі еңбек арқасында,  
Қызметте өрге басты бағы жанып.

Советтік ерекше өмір заманында,  
Бас болды, басшы болды аудандарда.  
Халық үшін аянбай еңбек етіп,  
Бөленді құрмет, алғыс бағаларға.

Соңғы жылдары басқарып су жүйесін,  
Талай жоспар іске асты, тауып шешім.  
12 жыл атқарған бұл қызметте,  
Ел таныды нағыз су әулиесін.

Мәкендер шын мәнінде ісмәр тарлан.  
Жұрген жерде қолтаңба ізі қалған,  
Еңбегін компартия зор бағалап,  
Орден, медаль, бағалы сыйлар алған.

Құтты болсын 85 жасың келген.  
Тайманыз тұғырынан Алла берген.  
Қара ордада жеңгеймен бірге жасап,  
Мақсаттарға жетініз көніл сенген.

Ағамыз көпті көрген білгір ағзам.  
Өмірден түйгені мол шежіре адам  
85-те еңкейген қария емес,  
Ойы сергек, қайраты нық сақталған.

Ағамызда бақыт бар Алла берген.  
Ұл-қызы өрбіп, немере тойын көрген.  
Шәбересін өсіріп, иіскеп сүйген,  
Адамдардың жұмақта орыны деген.

Асықпа әлі жасай бер бұл өмірде.  
Тірлікке не жетеді, шат көнілге.  
Әuletіңе тілейміз амандықты  
Той-думан арылмасын сіздің үйде.

Қаңтар, 2010 ж.

## **ҚҰТТЫ БОЛСЫН 50-ге ТОЛҒАН КҮНІҢ!**

(Құрметті інім Дәстен Баймұқанұлына арнау)

Құрметті, дара тұлға Дәстен інім,  
Құтты болсын 50-ге толған күнің!  
Жан жолдасың Айтжанмен бірге жасап,  
Самғай берсін биікке сөзің, үнің.

Бәтен емес, бірісің төл жақынның.  
Жиенісің атақты Шал ақынның.  
«Жақсыда жаттық болмас» - деген анық,  
Қадірменді ұлысың өз халқыңның.

Алла сыйлап беріпті талай дарын.  
Әрбітіп жетілдірдің соның бәрін.  
Ақындық өнерінді ел біледі,  
Сүйсіндіред шырқата салған әнің.

Жігітсің ұлт дәстүрін жаңың сүйген.  
Мәдениет сырларын ойға түйген.  
Риза болып көреміз қызметінді,  
Жастарды жақсы өнерге баулып жүрген.

50 жайын сұрай бер ағалардан.  
70-80 жасаған даналардан.  
Елуің ердің жасы, билік айтар,  
«Орта жас» - деп, білгірлер бағалаған.

Жұбайсыңдар жұптарың жазылмайтын.  
Мақтауым бар келінгे жеке арнайтын.  
Келіндердің пейілі сендей болсын.  
Сері інімді қыздарға қызғанбайтын.

Мақтау сөздің қоры мол сіздер үшін.  
Жылы сөз өрбітеді жүрек күшін.  
Ағалық ақ батамды қабылданғар,  
Жоймайды ешқашан да бата күшін.

Құтты болсын думанды бүгінгі той.  
Үлкен өмір Алланың сыйлығы ғой.  
Келінменен 60 жыл бірге жасап,  
Атқарылсын ең қымбат, атақты той.

Қуаныш көп, көретін балалардан,  
Бала тойы бақытқа бағаланған,  
Немере, шөберелер сүю керек,  
Қалыс қалмай алдағы ағалардан.

«Лә иләһа иллалло» - Алла атымен.  
Берем бата, пайғамбар сұннетімен.  
Ақ тілекті жаратқан қабыл етсін,  
Тойың тойға ұлассын сәт-сәтімен!

10 қаңтар, 2008 ж.

## 60-ЫҢ АТА ЖАСЫ КӨНІЛГЕ ТОҚ

(Нағашым Мансұров Серікбайға)

Ер жігітте үш жұрт бар бөлінбейтін.  
Бірінші туған жерің – елім дейтін.  
Жаман күйеу қайыншыл десе-дағы,  
Нағашың мен қайын жұрт сені іздейтін.

Нағашың ақпейілді жанаширың.  
Бөлісер қыындықта жүрек сырын.  
Жиендерге мейірін бөліп жүрген,  
Өзіміз де біріміз нағашының.

Нағашым Жетпіс, Тоқсан аталардың,  
Әuletін балапандай паналадым.  
Өздерінен өrbіген ұрпағындаі  
Қолдарынан сары май, бал жаладым.

Мансұр қари әкеден дара қалған  
Қамқоршым, жанаширым өнеге алған.  
Ұқтырған Алла сөзін ойға құйып,  
Ұлағатты ұстазым дін таныған.

Жылдар жылжып өзгерктен өмір көркін.  
Көндірген ыңғайына адам еркін.  
Бақиға өткендерден қалған ұрпақ.  
Нағашым Серікбайым маған төркін.

Кеше ғана жігіт ең уылжыған.  
Ақ құба, ашаң өнді, әсем тұлғаң.  
60-қа келгенінді естігенде,  
Сенбедім жай сөз бе деп жаңсақ туған.

Табиғаттың заңының жалғаны жоқ.  
60-ың ата жасы көнілгे тоқ.  
Нұмерелер аталап жүргенінде,  
Бұл жасың жарасып тұр артығы жоқ.

60-деген жақсы жас бүгін жеткен.  
Талайларды еске алсақ ерте кеткен.  
Ойлап тұрсам, алпысың екі-ақ отыз,  
Жастықтан жаңа аттап төрге өткен.

Өмірдің көрдің қылыш өткелдерін.  
Реті жоқ тағдырға өкпелеудің.  
Ұл ұяда, қыздарың қияға ұшып,  
Тойладың балалардың өркендеуін.

Жаратқан қорған, болсын тілден, көзден.  
Сақтасын әuletінді қаңқу сөзден.  
Бәйбішең Камишаңмен бірге жасап,  
Көрер қызық көп болсын алда келген.

Алла қолдап жетіндер алтын тойға.  
Шөбере сүю болсын енді ойда.  
Ең абзалы мұзғымас денсаулық боп,  
Жетіндер алға қойған мақсат ойға.

Жамандықтан сақтасын өuletінді.  
Жаратқан кемітпесін дәuletінді.  
Бес жыл сайын осындей той атқарып,  
Ел тілегі келтірсін сәuletінді.

*Ақлан, 2009 ж.*



## «ҚОСАҒЫҢМЕН ҚОСА АҒАР»

(Құрметті інім Абылай Зияұлына арнау)

Туған жерім өзегі өмірімнің  
Жұбанышы, өзені қөнілімнің.  
Туған елім сөзімнің асыл үні.  
Антым, арым туысқа сенімімнің.

Киелі жер мұра боп бізге жеткен.  
Қара батыр бабамыз беріп кеткен.  
Жаманғұл, Тышқан батыр қорған болып,  
Ұрпағы мәңгілікке қоныс тепкен.

Осындай даналардың ұланысың  
Жаманғұл бабамыздың жүрнағысың.  
Аталарың Балтабай, Аманбайлар.  
Алладан тілеп алған ардағысың.

Немере иемдену жолын қуған,  
Ата-әжеңнің бауырында өстің бұлан.  
Туған әке Зия мен Қадишаға,  
Аға мен женгедей-ақ құрмет қылған.

Міне осындай тәлімде болған інім.  
Өрелі ой, жоғары алдың білім.  
Ахметжан атаңың да қамқорында,  
Тыңдап ұқтың даналық ақыл, үнін.

Абылайдың көргені мол оқығаны.  
Қазақи тәрбиеден тоқығаны,  
Ел мен жерден еншісі бөлінбекен,  
Диқаншылық ісінің майталманы.

Тұыстарға жағымды, елге сыйлы.  
Қызмет етті отанға неше қылышы.  
Табысты еңбегімен өрге басып,  
Ел басқарды қазынаға ырыс құйды.

Келгенде жаңа тәртіп, жаңа қоғам,  
Егемендік, еркіндік туы орнаған,  
Диқандардың еңбегі бағаланып,  
Абылай маман болды бағы жанған.

Еңбегінің жемісі – кіріс болды.  
Жанұя бақытына ырыс қонды.  
Ұл ұяды, орнығып, қыз қияға,  
Абылай мен Құләштың көңілі толды.

Арнаймын ақ тілекті Алла атымен,  
Дін ислам, қажылық сұннәтімен,  
60 жасың қайырлы, құтты болсын,  
Көп жаса Мұқыш атаң сипатымен.

«Қосағыңмен қоса ағар» - дейтін ата,  
Сол тілектер сіздерге болсын бата.  
Құлашпен сәнді ғұмыр бірге атқарып,  
Шөберене беріп жүр өзің бата.

Елім десем, сенімді бір інімсің,  
Ақылшы, қолдаушы бол бірге жүрсің.  
Ел-ағайын бірлігі арманың бол,  
Бабалардың аруағы қолдап жүрсің.

Ақпан, 2008 ж.



## ЖАҒЫПАР АҒАНЫҢ БАЛАЛАРЫНЫҢ ТОЙЫНА

Атақты, көпті көрген Жакең-аға,  
Сымбатты ширак мұртты батыр тұлға,  
Сізбенен сәті түсіп кездескенде,  
Қалушы-ем уақыт жетпей ұғысуға.

Сөз сыйлап, дастарқаннан дәм татуға,  
Жақын біліп, сөйлесіп табысуға,  
Ақ босаға аттадық алғашқы рет,  
Риза көніл, ойдағы сөзді айтуда.

Көніл толды кең сарай үйінізге.  
Сай келіп тұр кең пейілді өзінізге,  
Той-думанға ылайық орда екен,  
Әрқашан тойға жазсын келу бізге.

Қабыл болсын баталар берген тойға.  
Жай құрмалдық жалғассын үлкен тойға.  
Балалардың талабы өрге бассын,  
Жете берсін алдағы арман-ойға.

Балалар кем болмайды бата алған,  
Көп көріп, ата-анадан көзі қанған.  
Тең болсын, құрбылардың алды болсын,  
«Жана қазақ» - үйінің бірі атанған.

Көпшілік не айтпайды Жәкеңе арнап,  
Не десе де ағамыз ер-азамат.  
Жүз жылға ел аузында сақталатын,  
Іci бар, өнері бар талай ғажап.

Бір істер кедергі боп қала ма деп,  
Аландал ем, келе алмай қалам ба деп,  
Сонда да тойға тілек дайындарым,  
Бата айтудан бір бәйге алам ба деп.

Ақпан, 1999 ж.



Көпшілік не айтпайды  
Жәкеңе арнап  
Не десе де ағамыз ер-азамат  
Жүз жылға ел аузында сақталатын  
Іci бар, өнері бар талай ғажап

Бір істер кедергі боп қала ма деп  
Аландал ем, келе алмай қалам ба деп  
Сонда да тойға тілек дайындарым  
Бата айтудан бір бәйге алам ба деп

Ақпан, 1999 ж.

## АТАНЫҢ КӨНІЛІ

Жылдар жылжып жетелейді,  
Жас кезінде биікке.  
Жас өскені жетістік бой,  
Сезім ойнап журекте.  
Есейгенде өткен әр жыл,  
Ізін салып өзекке.  
Алғы өмірді ойламауға  
Қоймайды екен ерікке.

Ер азамат туған жерін,  
Қайда жүрсе аңсайды.  
Кіндік кескен, тәй-тәй басқан,  
Асыр салған әр сайды.  
Жас жеткенде өткен өмір,  
Сағындыра бастайды.  
«Әттеген-ай, па шіркін!» - дер  
Ойға орап тастайды.

70 жасқа келіп жатса,  
Өкше басып ініміз.  
Біз де тегі, ел ағасы,  
Ата болған кезіміз.  
Бұрынғы өткен үлкендердің,  
Ізбасары енді біз.  
Ағаларың ел сенімін  
Ақтайды деп сеніңіз.

Ағаларың шет жүрсө де,  
Елдің жайын біледі.  
Тұыстардың, жерлестердің,  
Амандығы тілегі.  
Ата-әженің бар арманы,  
Өсер ұрпақ, түлегі.  
Бәріне де қамқор болып,  
Бәрін тілеп жүреді.

7 мамыр, 2008 ж.



## ТІРЛІКТЕ СЫЙЛАСТЫҚҚА НЕ ЖЕТЕДІ

Ішпедім арық сүйн ылай ма деп.  
Баспадым жардың шетін құлай ма деп.  
Қорқамын қылышынан пасық жанның,  
Тар жерде «ертоқымын» сұрай ма деп.

Кей адам сәлемдессе сүйк сыйздал,  
Кетеді салқынынан қолым мұздап.  
Есіме оралады жалғыз ісі,  
«Бір атым насыбайы» берген бұлдан.

«Жаныңнан арың қымбат болсын» - деген,  
Абайдың өсиеті бізге берген.  
Тірлікте сыйластыққа не жетеді,  
Жақсылық жасамайық есеппенен.

Қандай үлкен болса да атақ, тағың,  
Сыйлау керек Алланың берген бағын.  
Аузың асау, мінезің шайпау болса,  
Түкке тұрмас кісілік іс, атағың.

16 желтоқсан, 2007 ж.

## ҚЫЗҒАНЫШ ТҮБІ – ҚАСИРЕТ

Аулақпын арын сатқан надандардан.  
Дүниеге көзі тоймай жалаңдаған.  
«Біреуден кем қалдым» - деп тарылмаймын  
Алланың ырыздығы жетед маған.

Әркімнің Алла жазған нәсібі бар.  
Талабына лайық кәсібі бар.  
Іштарлық, қызғаншақтық ауыр күнә.  
Асқынса ақырында орға жығар.

*Рамазан, 2008 ж.*



## СЫЙЛАСТЫҚТЫ САҚТАЙЫҚ

Кешегі сәлемдесіп жүрген інім,  
Танымай да қалады енді бүгін.  
Кеуде шалқақ, екі ұртты томпиыпты,  
Көтеріп жүр тегі бір байлық жүгін.

Қарсылық жоқ, қалталар қалындастын.  
Жастардың бағы жанып жалындастын.  
Мансап қыып, ар-ождан ұмытылмай,  
Имандылық жолынан жаңылмасын.

Байлығы әр адамның өз басына.  
Көнілің суымасын сыйласыңа  
Сыйластықтан безгеннен сақта құдай,  
Сая адам қас ойламас жолдасына.

Желтоқсан, 2007 ж.



## СӘЛЕММЕН ЕКІ ҚОЛДЫ БЕРУ ҚҰНДЫ

Сәлемдесу сауапты ата жолы.  
Ыңғыласпен ұсынып екі қолды.  
Салқын, сылбыр сәлемнің ызғарынан,  
Талай рет көнілім қапа болды.

Сәлемдессе бір қолмен салқын, сараң,  
Екінші қол шықпаса қалтасынан,  
Бар білгені осы-ау-деп, қынжыласың,  
Ізеттілік қонбаған отбасынан.

Сәлемдесіп білісу амандықты,  
Білдіреді ақ пейіл адалдықты.  
«Ассалаумагалейкум!» - сәлеміне,  
«Уағалейкумассалам!» - деу ұқыпты.

Сәлемдесу парызы мұсылманның.  
Жақсы сөз жылтырады адам жанын.  
Төс қағысып табысқан бабаларда,  
Ойланайық еліктер үлгі барын.

*Мамыр, 2009 ж.*

## ҚАЙДА КЕТТИ СОЛ КЕЗДЕР

Жілік шағып, кеміретін тісім-ай.  
Асауларға бұғау салған күшім-ай.  
Балға, балта, күрек ұстап күн сайын,  
Еш көмексіз тыңдыратын ісім-ай.

Қырыларды көретүғын көзім-ай.  
Ойланбастан құйылатын сөзім-ай.  
Көргеніңнен жаңылатын пайда боп,  
Тозған ойдың қинап жүрген кезін-ай.

Күн ұзаққа қажымайтын қайрат-ай.  
Жау тұрса да қарсы ұмтылған айбат-ай.  
Той думанда көрші ойнап, ән салып,  
Тарқамайтын күндер қайда таң атып.

Әлде болса көңіл жүйрік талмайтын.  
Сал-серідей қырыны бар қалмайтын.  
Бойың сергек көнбейтүғын көп жасқа.  
Біздер емес ызғар соқпай жаурайтын.

Қараша, 2009 ж.

## БАТА – ТІЛЕК

Бата беру жауапты іс, атқарап.  
Бата сөзі «бисмиллә»-дан басталар.  
Бата-тілек бір Аллаға арналад.  
Ақ пейілден, ақ тілек боп ақтарар.

Бата - өтініш бір Алладан сұрайтын.  
Ой түбінен, ықыласпен құрайтын.  
Бата беру білімдінің еншісі,  
Әрбір сөзі жамағатқа ұнайтын.

Бата берсең, «Я Аллаһ» - деп қолың жай.  
Ақ тілекті қабыл етсін бір Құдай.  
Әрбір сөзің тусын жүрек нұрынан,  
Жаттанды үйқас, женіл сылдыр сөз болмай.

Ойлы тілек жүректерге жетеді.  
«Әмин» - деумен ел де қолдап кетеді.  
«Бисмиллә» - деп жайған қолдар бос қалмай,  
Көп тілегін Аллаһ қабыл етеді.

Наурыз, 2009 ж.

# МАЗМҰНЫ

1. Тілегім – еліміздің амандығы .....	5
2. Халықтың қалаулысы .....	8
3. Тасқындастың табысы өлкеміздің .....	13
4. Наурызға құрмет .....	16
5. Адам еді ары үшін жанын берер .....	18
6. Ағамызды мақтайдыз, мақтанамыз .....	21
7. Адами құны қымбат өмір берсін .....	23
8. Сенімің болашаққа берік болсын .....	26
9. Сыйлығым – кітаптарым .....	28
10. Ағадан алғыс .....	29
11. Құттықтаймын құрметті жасыңменен .....	30
12. Құтты болсын құрметті 70 жасың .....	33
13. Тойларың тойға ұлассын .....	36
14. Ініме хат .....	39
15. Жарқын өмір иесі .....	40
16. Құтты болсын 50-ге толған жасың .....	43
17. 60-ың ата жасы, көңілге тоқ .....	45
18. Қосағыңмен қоса ағар .....	48
19. Жағыпар ағаның балаларының тойына .....	51
20. Атаның көңілі .....	53
21. Тірлікте сыйластыққа не жетеді .....	55
22. Қызғаныш түбі қасірет .....	56

23. Сыйластықты сақтайық .....	57
24. Сәлеммен екі қолды берген құнды .....	58
25. Қайда кетті сол кездер .....	59
26. Бата - тілек .....	60

Қ. Хамзаұлы

Қияда самғаған қырандар

Корректор Д. Бектасова  
Дизайнер С. Ахмадиева

2010 жылы баспаға тапсырылған  
Офсеттік басылым. 60x84/32. Әріп түрі Arial.  
Таралымы 500. Тапсырыс № 558  
“Полиграфия” АҚ басылды. Петропавл қаласы,  
Қазақстан Конституциясы көшесі, 11

